

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚФ
ОҚО бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты

Жоба

**Тақырыбы: МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ЖЫЛ
САЙЫНҒЫ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН ТАНЫСТЫРУ**

Орындаған: Рустемова Эльмира Коныратбайқызы
Қабылдаған: Туранова Гулжаш Курманалиевна

Шымкент 2017

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жұмыс жоспарын мазмұны мен құрылымымен танысу

Міндеттері

:

- Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жұмыс жоспарының құрамдас құрылымдарын сипаттау
Сараптамалық негіздеудің маңыздылығын анықтау

Жоспар

- 1. Кіріспе
- 2. Негізгі бөлім
 - 2.1. Жоспарлау негіздемесі
 - 2.2. Жылдық жоспар және жоспарлаудың ең негізгі міндеттері
 - 2.3. Жоспарды құру кезендері
- 3. Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

- **Тақырыптың өзектілігі:** Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспар - МДҰ міндетті нормативті құжат. Өзінің маңыздылығына қарай даму бағдарламасы, МДҰ тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы, Жарғымен тепе-тең түр. Барлық құжаттар өзара байланысты болуы керек.
- Мектепке дейінгі білім берудің сапасын жетілдіру мақсатында МДҰ жылдық жұмыс жоспарында білім беру үдерісінде мәселелерді шешудің нақты шаралары, тәрбиешілерге кәсіби өсуіне әдістемелік қолдау жүйесі, педагог жұмыстарының тәжірибесін жетілдіру, инновацияны жүзеге асыру анықталған.
- Сауатты жасалған жылдық жоспар: МДҰ әкімшілігінің ағымдағы жылдық міндеттерін нақты ұғынуына; барлық бағыттағы қызметтердің тексеру құралдары мен кешенді әдістерді жасақтауға; ҚР Білім және ғылым министрлігінің, аймақтық атқарушы өкімет органының бұйрықтарына сай әкімшілік жұмыстарды жасауға ықпал етеді.

Жоспарлау негіздемесі

- Әдістемелік әдебиеттерде жоспарлауға байланысты негізгі мәселелерді бөледі:
- - «жоспар неғұрлым күрделі және орасан зор болса соғұрлым оның күйреуіне мүмкіншілік көп болмақ» Мерфи заңдылығы жасалған МДҰ жылдық жұмыс жоспарына сәйкес;
- - жоспарда шамадан көп шаралардың болуы;
- - жоспарлау моделінде қарапайымдылық пен нақтылықтың жоқтығы;
- - іске аспайтын жұмыстарды жоспарлау (жылдық жоспарды жасауда МДҰ ресурстары мен нақты мүмкіндіктерін есепке алу);
- - шаралардың орындалу мерзімін жоспарлауда бірқалыптылық сақталмайды;
- - орындаушылардың арасында шараларды дұрыс бөлмеуі;
- - бақылау және өзіндік бақылаудың жоқтығы.

Жылдық жоспар және жоспарлаудың ең негізгі міндеттері

- Жылдық жоспар - ұжымның назарын нақты оқу жылының ең басты міндеттеріне шоғырландыру.
- Жоспарлаудың ең негізгі міндеттері төмендегідей беріледі:
 - - ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту және тәрбие сұрақтары бойынша, мемлекеттік органдардың шешімдерін орындауды және эмоционалдық әл-аухатын жақсартуын қамтамасыз ету;
 - - педагогикалық ұжым қызметіндегі негізгі байланыстыратын түйінді сұрақтарды ажырату;
 - - нақты шараларды, орындау мерзімін және жауапты орындаушыларын анықтау;
 - - ұжым мүшелерінде жауапкершілік пен тәртіптілікті тәрбиелеу.
- Жылдық жоспар моделі МДҰ әртүрлігіне қарай маңызды ерекшелігі болатынын атап айту керек. Барлығына белгілі әр ұйым, соның ішінде мектепке дейінгі үш кезеңнен өтеді: қалыптасу, даму және жұмыс істеуі. Әр кезең үшін жылдық жоспар мазмұны өзгеше болады.

Жоспарды құру кезендері:

I кезең. Алдымен ай сайын қайталанып келетін МДҰ жұмысының және оқу жылының әр айының ерекшелігін айқындайтын іс-әрекеттерді жоспарлау (мысалы, педагогикалық кеңестерді, мектеп жасына дейінгі балалардың бастапқы жартыжылдық және қорытынды диагностикасын, дайындық және мерекелерді өткізу т.с.с).

II кезең. Ай сайын жоспарланған шараларды оған дейін МДҰ дәстүрлі болып қалған шаралармен толықтыру (мысалы, «Папа, мама, мен - спорттық жанұя», «Педагогикалық идея байқауы» мерекелерін өткізу және т.с.).

III кезең. Алдыңғы жыл бойынша МДҰ қызметін талдау негізінде анықталған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін жаңа шараларды жоспарлау. Жылдық жоспардың тығыздығын өзіндік талдау үшін диаграмма жасау ұсынылады: тігінен шаралар саны, ал көлденеңінен - жыл айлары.

Жылдық жұмыс жоспарының жалпы құрылым мен мазмұны

- Жылдық жұмыс жоспарының жалпы құрылым мен мазмұнын қарастырайық. Жылдық жоспар бірнеше тараудан тұрады:
- Бірінші тарау келесі құрамдас бөліктерден тұрады:
 - 1. Бастапқы беті
 - 2. МДҰ туралы мәліметтер (мекен-жайы, оқыту тілі, топ, бала саны, кадрлармен қамтамасыз етілуі)
 - 3. Өткен жыл жұмысын талдау қорытындысы
 - 4. Педагогикалық ұжым жұмысының экран нәтижелілігі (графикалық, өткен жылмен салыстырмалы түрде)
 - 4.1 Ата-ананың қанағаттандырылуы
 - 4.2 Педагогтардың педагогикалық өсуінің көрсеткіштері
 - 4.3 Аурушандықты талдау
 - 4.4 Балалармен «Денсаулық», «Таным», «Тілдік қатынас», «Өлеумет », «Шығармашылық» бағыттары бойынша жұмыстың нәтижелілігі
 - 5. Жоспарлауда ескеретін негізгі нұсқаулық құжаттар
 - 6. Ағымдағы жылға міндеттер

Қорытынды

- Тақырыптың нәтижесі: Жоспарды жасақтау - МДҰ немесе белгілі бір іс-әрекеттің, міндеттерін, оны шешу үшін жағдайды айқындау, қызметтің негізгі бағыттарын, жауаптыларды, мерзімін т.с. белгілеу.
- Жоспарлаудың тиімділігіне үш негізгі жағдайларды сақтау арқылы қол жеткізуге болады:
 - - Жоспарлау кезінде жұмыс қандай деңгейде екенін білуі;
 - - Жоспарлаудың соңғы кезеңінде қандай деңгейге жететінін нақты түсінуі;
 - - МДҰ жұмысын жаңа деңгейге апару үшін оңтайлы жолдары мен тәсілдерін таңдауы.
- Сондықтан жоспарлауды максатқа сай педагогикалық талдаудан бастау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. А:1995
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы һәм Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. А.2006
3. Отбасы және балабақша №3,2005. К.Әуелбекова: «Мектепке дайындықтың мазмұны»
4. Оршыбеков И. Халық ауызекі поэтикалық шығармашылығындағы адамгершілік тәрбиесінің идеялары, А, 1974, 174 бет
5. Қазақтың тәлімдік ой-пікір Антологиясы. 1 том. (ҮІ ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең) // Құр. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, А: Рауан, 1994, - 320 бет